

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фарби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор,

Балуан Шолақ – 161

**БАЛУАН ШОЛАҚ (НҰРМАҒАМБЕТ)
БАЙМЫРЗАҰЛЫ
(1864-1919)**

Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлы – қазақ халық өнерінің басты салалары бойынша алдына жан салмаған, жаратылысы жайсаң, таланты тамаша, болмысы бөлек тұлға. Ол - жауырыны жерге тимеген балуан, шапқан аттың құлағында ойнаған, шауып келе жатып аттың бауырынан өткен, жерден күміс ілген, ер үстінде аяғымен тік тұрып, басымен тік тұрып шапқан шабандоз, құдыққа құлаған атан өгізді немесе бесті атты бір өзі суырып алып, аяғынан тік қойған алып үш иесі, қаптаған дұшпанға қарсы әділет үшін жалғыз шауып, жеңіске жеткен жаужүрек батыр, қолы мен аяғына салынған шынжырды бұрап үзіп, патша түрмесінің тас қабырғасын бұзып шыққан қаһарман. Ол – жүрегі жыр мен сырға толған ақын-композитор, ұшқан құстың әніне сән қосқан әнші, сегіз қырлы өнерімен, бір сырлы кісілік болмысымен қазақ мәдениетінің көгінде шырақтай жанған жарқын жұлдыз.

Қазақ мәдениеті мен өнерінің асқан білгірі, ғұлама өнертанушы Ахмет Жұбанов Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлын замана бұлбұлына балады. Замана бұлбұлының өмірі жайында мынадай ой айтты: «Қан тауын мекен еткен Ұлы жүздің Дулаттан тараған Сәмбет деген руы болды. Сол Сәмбет ішінде Баймырза деген кісіден 1864 жылы Шолақ туды. Оның азан айтып қойған аты - Нұрмағамбет.

Нұрмағамбет өзінің бір өлеңінде:

Баласы Баймырзаның Балуан Шолақ,
Оң қолым отқа күйіп болдым олақ, -

дейді. Сүйтіп Шолақ атанып кетеді» [1, 134].

Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлының өмірі мен шығармашылығы туралы бірқатар зерттеу еңбектер, көркем туындылар жарық көрді, шығармалар жинағы бірнеше рет баспадан басылып шықты.

Балуанның өмірі, заманы, ортасы туралы жиналған және жарияланған дерек көздерінің танымдық маңызы зор. Осы ретте мына еңбектерді атап өту парыз: Балуан Шолақ / Құрастырған С. Оспанов. - Алматы: Жалын, 1998. - 368 б.; 2014 жылы бірнеше кітап қатар жарық көрді: Балуан Шолақ. Шығармалары (Әндері, өлең-жырлары. Естеліктер, мақалдар, аңыз) / Құрастырған Балжан Хабдина. – Алматы: «Рух БГ» баспасы, 2014. – 320 б.; Балуан Шолақ Баймырзаұлы / Құраст. Ғ. Тәшімбай, Н. Қапалбекұлы. – Алматы: Мирас, 2014. – 552 б.; Ақан сері Қорамасаұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы Press.kz», 2014. – 288 б. («Ақындар аманаты» жобасы, жоба авторы Бекен Ыбырайым); Оспан С. Балуан Шолақ. Өмірі мен музыкалық мұрасы / С. Оспан. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 176 б. т.б. Аталған еңбектер Балуан Шолақ Баймырзаұлының шығармалары мен өмірдеректерін жинау мен жариялауда, көпшіліктің пайдалануына ұсынуда ғылыми және әлеуметтік маңызы үлкен іс-шаралар жүзеге асқанын көрсетеді. Сонымен қатар Нұрмағамбет Баймырзаұлының өмірдеректерін саралауда, ғылыми өмірбаянын жасауда пайымдалуға тиісті өзекті мәселелердің барын айту парыз. Кезінде хатқа түскен, мұрағаттарда, ғылыми мекемелердің қолжазбалар қорында сақталған дерек көздері мұндай міндеттерді шешуге қажетті маңызды негіз қызметін атқарады. Ал мұндай дерек көздерінің негізі немесе сілемі сақталған жағдайда, оларды ғылыми айналымға түсірудің, анықталған арнада іргелі ізденіс жұмыстарын жүргізудің қажеттігі дау тудырмайды. Осы ретте Нұрмағамбет

Баймырзаұлының өмірі туралы қолжазба дерек көздерінің қатарынан бір дерек көзін ерекше атап көрсеткенді дұрыс деп білеміз. Қолжазба ОҒК Қолжазбалар қорында сақтаулы. Қорға 1960 жылы түскен. Аталуы: Балуан-Шолақ. Өмірі мен өлеңдер. Папка № 1624. Дәптер № 1. Барлығы 79 бет. Қолжазбаның басында мынадай мәліметтер бар: «Шолақ балуанның өмірбаяны туралы естіп-білгенді жинастырған Абдрахман Ибраев. 1960 жыл, 8 март».

Абдрахман Ибраев – бала кезінде Балуанды өз көзімен көрген, көп істерінің куәсі болған кісі. «Біздің қонысымыз Қалғұтан деген жерде. Көкшетау, Атбасар, Ақмола – үш дуанның шекаралығында болды. Шолақ олай-бұлай өткенде қонып я түстеніп жүретін еді. Оспан деген кісінікіне түстенсе, біздікіне қонатын» [2, 8], - дейді қолжазба авторы.

Абдрахман Ибраевтың қолжазбасы бірнеше бөлімнен тұрады: 1) Шолақ балуан туралы аз-маз естіп білген әңгіме; 2) Туған жылы; 3) Шолақ бір өлеңінде айтады; 4) Шолақ балуанның басқа адамдардан өзгеше қасиеттері; 5) Шолақ балуанның басқа өнерлері туралы; 6) Шолақ балуанның денесі; 7) Шолақ балуанның бас бітімі; 8) Шолақ балуанның ең алғаш аты шығып, көзге түсуі; 9-28) Шолақ балуанның балуандық істері.

«Шолақ балуанның руы – Үйсін, – дейді А. Ибраев. – Арғы аталары Көкшетауға көшіп барып, сонда тұрып қалған екен. Сол жерде өсіп-өніп, жетпіс–сексен үйдей үйсін болады» [2, 6].

Көзкөргендердің айтуына қарағанда, Балуан бойына бітерде анасы қасқырдың жүрегіне жерік болған екен. Ауыл адамдары қасқыр соғып алғанда, Балуанның анасы жерік асын жеп: «Содан мейірім қанды», - деп айтады екен. Балуанды анасы он екі ай көтерген [2, 7].

Киіз үйдің іші. Үй ортасында жанған от. Балуанның бір жасқа жетер-жетпесте талпынып отырған шағы екен. Оттың басында жас бала бір сәт жалғыз қалғанға ұқсайды.

Сонда жаңадан талпына бастаған бала бір қолымен от

ұстапты. Баланың оң қолы отқа күйеді. Сұқ саусағы мен бас бармағынан басқа саусақтары күйіп кетеді, сұқ саусағының бір буыны, бас бармағының бір буыны күйеді [2, 7].

А. Ибраевтың естелігіне қарағанда, Балуан «он бес-он алты жасынан өзі теңдес құрбы-құрдастарынан аса бастайды. Сол кезде үйсінде бір жігіт жақсы балуан болып, күресте қарсыластарын жығып жүреді. Аты Байтен екен. Байтенге кездесіп қалған Балуан:

- Байтен, менімен күресесің бе? – дейді.

Байтен Балуанға:

- Ойбай, шырағым-ау, ондай к... саған қайдан бітті? Оның үстіне өзіңнің бір қолың шолақ. Менімен күресу әлі саған қайқаң келер, - дейді.

Балуан тұрып айтады:

- Жоқ, түзу-ақ келер. Бір қолымның өзімен-ақ осы Жерден лақтырғанда, Бүйректалдың ар жағынан түсірейін, - дейді.

Байтен Балуанның сөзіне шыдай алмай, аттан түсе сала:

- Кел! – деп күресе кетеді. Олай жұлқиды, бұлай жұлқиды, әкете алмайды. Бір кезде Балуан аркалап келіп соғады. Үш қайтара күреседі, үшеуінде де Балуан жығады. Байтен үн-түн жоқ, атына мініп алып, жүре берген екен дейді. Содан былай Балуан көзге түсіп, күрескенін жыға берген [2, 13].

Балуан күрескенде, мұқыл қолымен бәсекелесінің киіп шыққан қандай мықты деген шекпенінің жағасын тесіп жіберіп, қолын өткізіп алады екен де, небір дәуді арқаға салып, иығымен соғады екен [2, 7-8].

Қолжазба дерек көзінде Нұрмағамбет Баймырзаұлының бейнесі жақсы сипатталған: «Бойы тақа биік те емес, аласа да емес, орта бойлы, кеуделі, мойны жуан, тұтас. Аттың жақсысын мініп, киімнің жақсысын киеді: басында құндыз бөрік, үкі таққан. Аяғында шоңқима етік. Қара торы, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, шоқша сақалды, қара мұртты. Тістері аппақ. Күлгенде күрек тісі ақсиып көрініп тұрады. Денесі қатты, сірідей, қол батпайды. Қолының

бұлшық еттеріне тіс батпайды. Басы мықты, сойылға жарылмайды» [2: 10-11, 17-18].

Қолжазба авторы Нұрмағамбеттің Балуан Шолақ аталуының тарихын баян еткен. Оның мәнісі мынадай: Көкшетау, Атбасар, Ақмола – үш дуан ел жиналған үлкен той болады. Оған керей Сағынайдың паң Нұрмағамбеті де келеді. Нұрмағамбеттің балуаны жоқ екен. Белгілі кісілер оған балуандыққа Нұрмағамбет Баймырзаұлын ұсынады. Паң Нұрмағамбет одан: «Атың кім?» - деп сұрапты. Бұл: «Нұрмағамбет», - деп жауап береді. Паң Нұрмағамбет сонда: «Уай, тәңірі-ай! Жаман иттің атын бөрібасар қояды деген екен», - дейді.

Балуандар күресі басталғанда, бас балуанмен күресте паң Нұрмағамбеттің балуаны жеңеді. Сол тойда паң Нұрмағамбеттің балуаны күресуге шыққан балуандарды арқаға салып, иықпен соғып құлата берген екен.

Балуандар күресі аяқталғанда, балуан Нұрмағамбет паң Нұрмағамбеттің алдына келіп: «Нүреке, Бөрібасар болуға жараймын ба?» - деген екен. Сонда паң Нұрмағамбет: «Жарайсың! Сенің атың бұдан былай Балуан Шолақ болсын!» - деген екен.

Осы тойдан кейін Балуан Шолақтың аты шығып, даңқы бүкіл елге тарапты дейді» [2, 20-21].

Балуан жас кезінде Ділда деген бір қызға көңілі ауып, онымен ойын-сауықта кездесіп жүреді. Қыздың әкесі сол кезде болыс екен. Болыс қызына Балуан Шолақтың қырындауын жақтырмайды. Болыстың інісі жігіттерін жинап келіп, Балуан Шолақты сабамақ болады. Балуан Шолақ өзін сабамақ болған жігіттерді бастарынан бір-бір қойып қалып, сұлатып кете береді. Болыс Балуан Шолақтың үстінен арыз жаздыртып, жала жауып жер аударып жіберуге бекінеді. Болыстың жаласымен Балуан Шолақты Көкшетаудың ұлықтары жауапқа шақырады. Ұлықтар Балуан Шолақты түрмеге жапқызады. Мировой судья Балуан Шолақты жеті жылға каторгаға айдауға үкім шығарады. Жеті жылға каторгаға айдалатыны туралы сот үкімін естіп, білген соң, Балуан Шолақ қолы мен аяғына

салынған шынжырды бұрап үзіп, түрменің қабырғасын бұзып шығады. Қақпада отырған екі күзетшіні ұрып жығып, мировой судьяның үйіне бет алады. Мировой судья екі атын қорада ұстап, қораның есігіне құлып салады екен. Балуан Шолақ құлыпты бұрап үзіп, екі атты алып, мировой судьяға арнап төрт жол өлең жазып, оны ат қорада жанып тұрған панардың астына қыстырып кетеді. А. Ибраевтың қолжазбасында өлеңмен жазылған хаттың мәтіні мынадай үлгіде беріледі:

Түрмеде алты күн болдым қонақ,
Сөйлеуге мизамыңды тілім олақ.
Жорға мен ақбоз атты алып кеткен,
Сұрасаң менің атым – Балуан Шолақ.

Ұлықтар Балуан Шолақтың үстінен шағымды жаудырып, актысын жасап, мировой судьяның екі атын алып кеткенін көрсетеді. Балуан Шолақты жауапқа шақырған қағаз келеді. Балуан Шолақ шақырушы ұлықтың алдында жауап беріп, жала жабушылардың сөзін теріске шығарады. Сұрақ-жауап арасында ұлық: «Сені асқан балуан дейді. Осында бір балуанмен күресесің бе?» - деп сұрайды. Балуан: «Күресем!» - дейді. Содан бір уақытта алпамсадай дәу біреуді алып келеді. Денесі Балуан Шолақтың денесінен екі есе үлкен көрінеді. Халық жиналып қалады. Күрес басталады. Балуан Шолақ қарсыласының әдісін байқайды. Сәті келген тұста Балуан өзінің сенімді әдісіне салып, арқаға алып соғады. Ұлықтың балуанын жеңген соң, Балуан басқа өнерлерін көрсетеді. Жиналған жұрт тамашалап, тұрып алады. Балуан енді ат үстінде жасайтын өнерін көрсетеді. Шауып келе жатып астындағы аттың бауырынан өтіп, еріне қайта отырады, ат үстінде түрегеліп шабады, төбесімен тұрып шабады, секіріп түсіп, қайта мінеді. Тамашалаған жұрттың мейірі қанады. Ойын тоқтағанда, ұлық Балуан Шолаққа: «Ертең кел», - дейді. Ертеңіне ұлық Балуан Шолаққа: «Нағыз жігіт екенсің. Сенің үстіңнен қылмысты іс қозғауға болмайды

екен. Бірақ бұдан былай сақтанып, абайлап жүр», - дегендей сөзін айтады. Балуан Шолақ ұлықтан өзінің қылмыссыз екені туралы қағаз беруді сұрайды. Ұлық арызданушыларға қатынас қағаз жіберіп, онда: «Мұндай адамға тиісуге болмайды», - десе керек. Балуан Шолақ өзін осыдан кейін еркін сезінеді [2, 46-47].

А. Ибраев ел аузынан естіп, білгендері негізінде қазақтың бай, болыс, мырзалары Омбы қаласында жиылып, Патшаның баласын қарсы алғаны, сол үлкен жиында неше түрлі ойын, ат ойыны, балуан күресі болғаны, сонда Балуан Шолақтың жиналған алуан алып балуандарды шетінен лақтырып, бәрін түгел алып соққаны, неше түрлі ат ойынын көрсеткені жайында баяндайды. Балуанның күші мен өнеріне риза болған «Николай өз қолынан жиырма бес сом алтын ақша беріп, Балуан Шолақты «Сибирский силач» деп атаған екен» дейді [2, 49-50].

Қолжазба дерек көзінде сипатталған Сағынайдың паң Нұрмағамбеті туралы жазбаша дерек көздерінде нақты мәліметтер сақталған. Той Ертіс өзенінің сол жағалауымен жоғары қарай Омскіден 12 верст қашықтықтағы қазақ ауылында өтеді. Осы ауылға 1891 жылы 15 июль күні сағат 15.00-де патшазада, болашақ патша Николай II келетін болған. Сол күні сағ. 16.00-де патшазада мінген ақ кеме «Николай» өзеннің ауыл жағындағы жағалауына келіп тоқтады. Патшазада құрметіне тігілген ақшаңқан үйлердің сән-салтанатында мін болмады. Патшазада нөкерімен оң жақта жеке тұрған ерекше сәулетті үйге кірді. Бұл Сағынайдың паң Нұрмағамбетінің үйі еді [3, 178-179].

Қолданылған дерек көздеріне қарағанда, Баймырзалұлы Нұрмағамбет балуан мен Сағынайдың паң Нұрмағамбетінің кездесуінің көрнекі кезі патшазаданың қазақ ауылына келуі тұсына сәйкес келеді. Патшазада қазақ ауылының сән-салтанатын, әдет-ғұрпын, ойын-сауығы мен қолөнерін көріп, көңілі ашылады. Бес-алты үйге кіріп, қазақ халқының материалдық, рухани мәдениетінің асыл үлгілерімен танысады. Ат жарысын көріп, озып келген ат иесіне сый-сыяпат береді.

А. Ибраевтың дерегінде берілген ақпараттардың тарихи негізін осы жазбаша дерек көзі нығайта түседі. Балуан Шолақтың өз өнерімен ерекше көзге түсіп, қазақ ауылына келген патшазададан сыйлық алғаны, «Сибирский силач» деген атақ алғаны туралы мәліметтердің негізінде тарихи шындық бар.

Балуан Шолақ өзінің өнерімен, баламасыз балуандығымен, асқан ақыл-ой байлығымен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, спорт өнерінің тарихында теңдесі жоқ тамаша тұлға болып қалды.

ӘДЕБИЕТ

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары (Қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер / Баспаға дайындаған Бисенғали Ғизатов. – Алматы: Жазушы, 1975. – 464 б.
2. Балуан-Шолақ туралы. Шолақ балуанның өмірбаяны туралы естіп білгенді жиыстырған Абдрахман Ибраев. 1960 жыл, 8 март // ОҒК Қолжазбалар қоры. Папка №1624. – 79 бет.
3. Ухтомский Э.Э. Путешествие на Восток его императорского высочества государя наследника цесаревича, 1890-1891 / Авт.-изд. кн. Э.Э. Ухтомский; ил. Н.Н. Каразин. – СПб.; Лейпциг: Ф.А. Брокгауз, 1893. - Т. 3. - Ч. 6 : [По Сибири]. – 1897. – 255 с.